

ӘОЖ 94 (574).17/18

ГТАХР 03.20/03.81.21

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.99(3).118

Калиева Б.Т*., Калелова Ж.У.**І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан*****Корреспондент-авторы:** *kalievabekzat87@gmail.com**E-mail: kalievabekzat87@gmail.com, Kalelova1991@mail.ru***ОРЫС ШЕНЕУНІКТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ТҰТҚЫНДА БОЛҒАН
КЕЗІНДЕГІ ЖАЗБАЛАРЫНАН (XVIII Ғ. АЯҒЫ МЕН XIX Ғ. БАСЫ, АРХИВ
ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа. Мақалада қазақ даласында тұтқында болған кезіндегі орыс шенеуніктерінің жазбалары, қазақ өлкесіне қатысты қалдырған күнделікті өмір сүру дағдысына байланысты ақпараттары туралы. Берілген мәліметтер негізінде салыстырмалы талдау жасап, сараланды. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқы туралы жазылған көптеген еңбектер, жазбалар, естеліктер, күнделіктер бір сарында жазылды десе де болады. Орыс зерттеушілерінің күнделіктері мен естеліктеріндегі қазақ халқына берген сипатының мазмұны қаншалықты шынайы екендігіне көзімізді жеткізуіміз үшін оларды жан-жақты зерттеп, талданды.

Зерттеу жұмысында орыс шенеуніктерінің қазақ даласында тұтқында болған кезеңіне қатысты жазбалар архивтік құжаттар негізінде қарастырылып, қазақ халқының тұтқынға түскен адамдарға деген көзқарасы мен қарым-қатынасы осы деректер арқылы талданады. Бұл бағытта экспедициялық есептер, саяхатшылардың күнделіктері мен естеліктері маңызды дереккөз ретінде пайдаланылды. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне қатысты мәліметтер сол жазбаларда кеңінен сипатталған.

Аталған материалдар ғылыми жұмыс барысында әртүрлі архивтер мен сирек қорлардан зерттеу арқылы жинақталды. Сол құжаттардың бірі — орыс шенеуніктерінің қазақтар туралы қалдырған жазбалары. Әсіресе, қазақ даласына алғашқылардың бірі болып келіп, қазақтар тарапынан тұтқынға алынған дәрігер әрі орыс офицері Савва Большойдың жазбалары ерекше назарға алынған. Оның жазбаларында сол кезеңдегі қазақ қоғамының тыныс-тіршілігі, әлеуметтік қарым-қатынастары мен адамгершілік ұстанымдары жан-жақты сипатталады.

Кілт сөздер: қазақ даласы; шаруашылық; тұтқын; орыс шенеуніктер; жазба; тұрмыс; архив; халық; зерттеуші; дерек.

Kipicne

Бүгінгі таңда аса өзекті әрі күрделі мәселелердің бірі — «Қазақстан тарихын» бұрмалаусыз, нақты деректерге сүйене отырып зерделеу болып отыр.



Осы орайда, қазақ халқының өткенін жаңаша пайымдап, тарихи шындықты жан-жақты саралап, ұлттық тарихымызды терең зерттеу – жас ұрпаққа шынайы тарихи білім берудің басты алғышарты болып табылады. Бұл – еліміздің кемел болашағына апаратын сенімді жолдардың бірі.

Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу кезеңінде жаңа саяси жағдайларды дұрыс түсіну, ел мүддесіне сай келетін тарихи көзқарастар жүйесін орнықтыру, саяси және ұлттық санасы биік азаматтарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Мұндай іргелі мақсаттарға жету үшін тарихи жадымызды жаңғыртып, бұрмаланған немесе көмескі тартқан тұстарды нақты ғылыми негізде қайта қарастыру қажет.

Алайда бұл жұмыс қысқа мерзімде орындала салатын жеңіл іс емес. Ғасырлар бойы отарлық жүйенің ықпалында болған халқымыздың төл тарихы ұзақ уақыт бойы назардан тыс қалып, көптеген маңызды деректер бұрмаланып немесе мүлде зерттелмей келді. Ендігі міндет – сол тарихтың ақтаңдақ беттерін ашып, шынайы деректер негізінде жаңаша көзқараспен бағалап, халыққа және болашақ ұрпаққа дұрыс жеткізу. Бұл – уақыттың өзі қойып отырған талабы.

Орыс зерттеушілері қазақ халқы және қазақ даласының бейнесін өз шығармаларында әр түрлі сипатта беріп, оларға тән өзіндік атауларды да жазып қалдырған. XVIII-XIX ғасырларда қазақ халқы туралы жазылған көптеген еңбектер, жазбалар, естеліктер, күнделіктер бір сарында жазылды десе де болады. Орыс зерттеушілерінің күнделіктері мен естеліктеріндегі қазақ халқына берген сипатының мазмұны қаншалықты шынайы екендігіне көзімізді жеткізіуіміз үшін оларды жан-жақты зерттеп, талдауымыз керек. Әрине аталған еңбектердің авторлары, яғни XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласында болған генералдар, саяхатшылар, тарихшылар болсын патшалық Ресей өкіметінің қызметкерлері және сол басшылықтың арнайы тапсырмасын орындаушылар екенін айта кету қажет.

Сондықтан, орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының күнделіктері мен естеліктеріндегі қазақ халқына, еліне қатысты жазбаларды талдау маңызды мәселелер. Сонымен қатар XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ халқының бейнесін ашу өзекті мәселенің бірі деп атауға болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысының басты дереккөздері ретінде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) мен өзге де архивтік материалдар негізге алынды. Жұмыста тарихи-салыстырмалы және салыстырмалы-талдау әдістері кеңінен қолданылып, жинақталған деректер сол тәсілдер негізінде жүйеленді. Архивтік құжаттармен жұмыс барысында, әсіресе ҚР ОМА-да сақталған 2300 қор аса құнды ақпараттармен ерекшеленді. Бұл қорда, негізінен, патша үкіметі тарапынан ұйымдастырылған экспедиция мүшелері мен ресми шенеуніктердің қазақ даласы жөніндегі жазбалары, саяхатшылардың бақылаулары қамтылған.

Аталған 2300 қорда «Ресей билігі тарапынан қазақ даласына қатысты құжаттар» айдарымен берілген материалдар ішінен бірнеше маңызды тұлғалардың жазбалары ерекшеленіп қарастырылды. Атап айтқанда, поручик И.В. Гавердовскийдің қазақ жерінде тұтқында болған уақытындағы жазбалары, дәрігер



әрі офицер Савва Большойдың қазақ халқының тұрмысы мен салт-дәстүрі жайлы деректері, сондай-ақ Ф.А. Бюлердің этнографиялық сипаттамалары мен А.Л. Данзастың қазақтар арасындағы егіншілікке қатысты мәліметтері зерттеудің негізгі назарында болды. Бұл қорда бұған дейін ғылыми айналымға енген тың деректер де кездеседі.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін зерттеуге арналған далалық бақылаулар мен жазбалар негізінен XVIII ғасырдан бастап жүргізіле бастады. Қазақ елі жөнінде алғашқы қалам тартқан авторлар қатарында патша әкімшілігінің қызметкерлері, заңгерлер, әскери тұлғалар, зерттеушілер мен шығыстанушылар болды. Бұл еңбектер әртүрлі мақсатпен жазылғанымен, оларда қазақ халқы жөнінде құнды этнографиялық және тарихи мәліметтер молынан кездеседі. Алайда, мұндай деректерге сын көзімен қарау, тарихи контексті мен автордың ұстанымын ескере отырып талдау жасау — бүгінгі зерттеу талаптарының бірі.

XVIII ғасырдың ортасынан бастап Ресейде қазақ халқының шығу тегі, «қазақ» атауының мәні туралы ғылыми тұжырымдар мен пікірлер қалыптаса бастады. Бұл үдеріс әсіресе XVIII ғасырдың соңында және XIX ғасырдың алғашқы жартысында Ресей империясының Қазақстандағы ықпалы артқан тұста айқын байқалды. Сол кезеңдегі ресейлік зерттеушілердің еңбектері қазақ халқының тарихы мен этнографиясына арналған ауқымды зерттеулермен толықты. Олар көбіне қазақ жерінің географиялық жағдайына, этнографиялық сипаттарына, ру-тайпалық құрылымына, халықтың санына, шаруашылығына, көшіп-қону бағыттарына және сауда қатынастарына назар аударған.

Кез келген халықтың тарихын зерттегенде сол ұлтқа қатысты жазба деректерді саралау — тарихшының басты міндеттерінің бірі. Қазақ халқы Ресей империясының құрамына енгеннен кейін, империя тарапынан ұйымдастырылған ғылыми экспедициялар мен саяхатшылардың келуі жиілей түсті. Олардың қалдырған жазбалары мен естеліктері қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетіне қатысты мол мәлімет береді. Бұл деректер бізге архивтер мен сирек кездесетін қорлармен жұмыс жасау барысында қолжетімді болды. Осындай маңызды материалдардың бірі — орыс шенеуніктерінің қазақ халқы туралы жазып қалдырған деректері. Солардың ішінде ерекше тоқталып өтуге тұрарлығы — қазақ даласына келіп, қазақтар тарапынан тұтқынға алынған дәрігер әрі офицер Савва Большойдың жазбалары[1].

Зерттеу нәтижелері

Қазақ халқының тұтқынға алған адамдарын еш қинамай, оларға тіпті қатты сөзде айта алмайтындығын төмендегі зерттеушісі Фальктың мына жазбасынан көре аламыз: «Хотя в обхождении с людьми они вообще мало церемонятся, но в отношении всех, кого они не намереваются ограбить или взять в рабство, они очень гостепреимны. У них почти нет бранных слов. В гневе они говорят: «пусть тебя возьмет калмык». «Раб без ушей» - самое большое у них ругательство» [2, 151 б]. Осы сөздерді негізге ала отырып, төменде қазақ даласында тұтқында болған орыс шенеунігінің мына жазбаларынан көре аламыз.

Доктор Савва Большойдың 1803-1804 жылдары қырғыз-қайсақ даласында тұтқында болған кезіндегі жазып қалдырған қызықтарынан оқуымызға болады. Ол туралы Савва Большой ұлы императорға өзінің сапар барысындағы көргенін



23 желтоқсан 1802 жылы жазып жібереді. Ол кісі таулы кадет корпусынан Бухария жеріне іссапарға кеткенін айтып, бір жылға 1600 сом жұмсауға бергендігін атап өтеді.

Біздің экспедициямызға көпестерден тұратын керуен қосылды, олардың тауарларының негізгі сомасы 200 жүз мың сомды құрады. Біздің керуенде жүз түйе болды, бірақ олар көпестердің тауарларымен тиелген болатын. Қырғыздарды өздерінің жүргізушілермен қосқанда 44 адам болды, ал біздің жақтан 50 адам саналды. Бізді Сыр өзені арқылы Бухарға өткізбеген болатын. Сондықтанда біз өзіміздің аттарымыз және түйелерімізбен шаршап 7-ші қыркүйек күні қайтып келген болатынбыз. Қырғыздар біздің қайтып келгенімізді естіп, бірден біздің артымыздан әр түрлі жолдар арқылы қуғынға түсті. Олар екі күн қатарынан біздің артымыздан қуып, соңында аттардың дауыстары шыға бастады – деп, Савва Большой өзінің жазбаларында келтіреді [1, 290-294 бб].

1803 жылы Бұхар сауда керуенінің құрамында қазақ даласына келген орыс дәрігері Савва Большойдың жолжазбалары – сол кезеңдегі көшпелі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын маңызды дереккөздердің бірі. Сапар барысында дәрігер қазіргі Мұзбел аумағында жарақат алып, қазақтардың қолына тұтқынға түседі. Жазбаларында көрсетілгендей, оны аяқ-қолын байлап, жеке заттары мен мүлкін тәркілеген. Кейін бірнеше күн бойы жол жүріп, Сырдария өзеніне жеткен кезде оны басқа адамдарға тапсырады. Жол бойы дәрігер шөлдеп, аштық сезініп, сусын сұрағанымен, оған аса мән берілмегенін атап өтеді.

Савва Большойды қазақтардың Телеу руы иелігіндегі ауылға жеткізеді. Мұнда ол тоғыз ай бойы көшпелілер арасында тұрып, әртүрлі оқиғалардың куәсі болады. Осы кезеңде дәрігер көшпелі өмір салтына, қазақтардың тұрмысы мен әлеуметтік қатынастарына терең назар аударған. Соңында, қазақ сұлтаны Әбілғазы Қайыптың араласуымен Орынбор әкімшілігімен келісім жасалып, С. Большой Ресейге қайтарылады. Қазақтар оны көбіне Саба немесе Сабабай деп атағаны жазбада келтіріледі.

Савва Большой өз жазбаларында қазақ қоғамына қатысты бірнеше маңызды байқауларын келтіреді. Мәселен, оның айтуынша:

«Қазақ даласына тұтқынға түскеннен бастап, маған әртүрлі көзқарас танытты. Алғашында “мына орысты қара” деген секілді сөздер естілді. Көптеген ауыр жұмыстар істеткенімен, егер тамағы жақсы болса, мен оны да істер едім» — деп жазады ол.

Қазақтардың ас-ауқаты жайында ол былай дейді: жұмыс аяқталған соң көже береді, кейде бұл тағам түнге қарай ғана ұсынылады. Күндізгі уақытта көбінесе талқан жейді. Етті сирек тұтынады, ал кейде ғана береді. Сонымен қатар айран мен шалап сияқты қышқыл сүт өнімдері жиі кездеседі. Осыдан көшпелі қазақ қоғамының мал шаруашылығына негізделгендігін және сол шаруашылықтан алынатын өнімдердің тағам рационында басым екенін көреміз.

Сондай-ақ, дәрігер қазақ ауылдарындағы білім беру мен оқу жүйесіне де қызығушылық танытып, мынадай тұжырым жасаған:

«Қазақтарда арнайы мектеп немесе мешіттер жоқ, халықтың басым бөлігі оқу-жазуды меңгермеген. Дегенмен, әрбір қазақ поляр жұлдыздарын (Темірқазық)



біледі. Сабак барысында кейбір музыкалық аспаптарда ойнауды үйретеді: мысалы, сыбызғы, балалайка және қобызға ұқсас гудок».

Қазақ халқының күнделікті тұрмысы мен үй ішіндегі заттары жайында да С.Большой нақты мәліметтер қалдырған. Оның жазбаларында қазақтардың қазан, ағаш кесе, табақ, торсық секілді тұрмыстық бұйымдарды кеңінен қолданатыны баяндалған. Тамақтарына келсек, олар көбіне қой, ешкі, жылқы және сиыр етін пайдаланады. Етті суға қайнатып, тұз қосып дайындайды. Бұл тағамды олар “бесбармақ” деп атайды, одан кейін сорпа ішеді. Сонымен қатар, бидай, тары, қымыз, айран, құрт сияқты тағамдар мен сусындарды жиі тұтынады. Қымыздың емдік қасиетіне ерекше мән берген. Киім-кешекке келсек, қазақтардың күнделікті киіміне шапан, тон, белбеу, етік, шалбар, малақай, сондай-ақ әйелдердің киімдері – саукеле, кимешек, шыт, моншақ және тұлым жатады.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, С.Большой қазақтардың негізгі кәсібі – мал шаруашылығы екенін анық көрсетеді. Малдың ішінде жылқы мен қой басымдыққа ие, ал сиыр көшпелі өмірге ыңғайсыз болғандықтан, сирек кездеседі. Сонымен қатар, қазақтар мысық пен ит те асыраған. Балық аулау сирек әрі ермек ретінде ғана жасалатын кәсіп саналған. Ал аңшылықпен көбіне иттер мен бүркіттерді пайдаланып айналысқан, негізгі қару ретінде жебе мен садақты қолданған. Көктем мезгілінде қазақтар өздеріне қолайлы жерлерге егін салып, арпа, бидай және басқа да дәнді дақылдардың бірнеше түрін еккен.

1804 жылы Сырдария бойында С.Большой темекі егіп, бұл дақылдың жақсы өсетінін анықтайды. Бұл мәліметтерді кейінірек осы өңірде зерттеу жүргізген А.Л. Данзас та өз еңбектерінде растаған [3].

Савва Большой қазақ даласында болған кезінде көшпелі халықтың күнтізбелік жүйесі мен ай атауларына ерекше назар аударып, сол кездегі қазақтардың уақыт өлшеу тәсілдерін сипаттап өткен. Оның жазбаларында бір айда – 30 күн, ал бір жылда – 360 күн деп көрсетілген. Айлардың атаулары қазіргі күнтізбедегі атауларға ұқсас болғанымен, кейбір этимологиялық ерекшеліктер мен атауларда өзгешеліктер байқалады. Бұл оның жазбаларында былайша баяндалған:

1. Құрман (Наурыз) – айдың тууына сәйкес келетін мереке. Бұл айда Құрбан айт немесе жаңа жыл – Наурыз мейрамы атап өтіледі.
2. Саур (Сәуір) – осы айда сабантой секілді жиындар өткізіледі.
3. Чауза (Мамыр) – бұл үш ай көктем мезгіліне жатады.
4. Саратан (Маусым) – бұл атау араб астрологиясындағы “шаян” жұлдызымен байланысты.
5. Эсет (Шілде) – арыстан шоқжұлдызының атауынан туындаған.
6. Самбула (Тамыз) – бұл аймен бірге жаз мезгілі аяқталады.
7. Мизан (Қыркүйек) – таразы шоқжұлдызы.
8. Ақран (Қазан) – сары шаян деп те аталған.
9. Каус (Қараша) – бұл атау мерген шоқжұлдызына негізделген.
10. Джидды (Желтоқсан)
11. Дамот (Қаңтар)
12. Хут (Ақпан) – балық шоқжұлдызының атауы.



Бұл ай атауларының көпшілігі араб астрономиясы мен ислам мәдениетінің ықпалымен қазақ дүниетанымына сіңгенін аңғаруға болады.

Савва Большой жазбаларында қазақ халқының діни сеніміне де тоқталған. Оның айтуынша, қазақтар ислам дінін, соның ішінде сунниттік бағытты ұстанады. Жылына бір рет ораза айы (Рамазан) өткізіледі, ол бір айға созылады. Бұл ораза кезінде адамдар таң атқаннан күн батқанға дейін ауыз бекітеді. Сонымен қатар, қазақ қоғамындағы басқару жүйесі де баяндалады – ел билігі хан, сұлтан және билердің қолында болған.

Қазақ даласына қатысты басқа да маңызды құжаттардың бірі ретінде орыс шенеуніктері қалдырған естеліктерді атап өтуге болады. Солардың қатарында Н.Боголюбовтың «В плену у киргизов. Рассказ старушки. Истинное происшествие» атты еңбегі бар (Б.м., 1890, №7). Бұл еңбекте қазақтар арасында тұтқында болған орыс кемпірінің әңгімесі негізінде көшпелі тұрмыс, тұрмыстық қатынастар мен халықтың дүниетанымы сипатталған. Мұндай жазбалар сол дәуірдегі қазақ қоғамының шынайы болмысын тануға мүмкіндік береді[5].

XIX ғасырдың соңына тиесілі құнды дереккөздердің бірі – Н.Боголюбовтың «В плену у киргизов. Рассказ старушки. Истинное происшествие» атты еңбегі болып табылады. Бұл еңбекте автор өзінің қызметтік сапары барысында Самар губерниясындағы Үлкен Ырғыз өзені бойында көлігін жөндетуге барған кезде кезіктірген орыс кемпірімен болған сұхбатын баяндайды. Автор сол кездесуде кемпірдің қазақ даласында тұтқында болған кезіндегі басынан өткен оқиғаларын жазып қалдырған. Әйел адамның есімі Домна болған.

Сұхбат кезінде Домна кемпір мен Н.Боголюбов арасында келесідей диалог орын алады:

— Домна: Өзің қай жаққа жол тарттың, шырағым?

— Боголюбов: Орал қаласына бара жатырмын.

— Домна: Ол баяғы Жайық өзенінің бойындағы қала емес пе еді?

— Боголюбов: Иә, бұрын Жайық деп аталған, қазір Орал.

— Домна: Біз ол жақта да болғанбыз. Пугачев көтерілісінен кейін бұл атауды Екатерина қойған деседі.

— Боголюбов: Оралдың ар жағында дейсіз бе? Ол жақта қазақтар (қырғыз-қайсақтар) өмір сүреді емес пе?

— Домна: Иә, дәл солай. Мен сол жақта болғанмын әрі үлкен қиындықтарды бастан өткердім.

Осыдан кейін Домна өз басынан кешкен оқиғасын былайша сипаттайды: ауылдан әпкесімен және достарымен гүл теруге шыққан кезде қазақ ер адамдарынан құралған бір топ оларға тап беріп, ұстап әкетеді. Бірнеше күн жүргеннен кейін олар қазақ ауылына жеткізіледі. Келген кезде киіз үйлерді (кибитка) көреді, айналада мал – қой, жылқы, түйе жайылып жүрген. Қазақ халқы оларды бөгде халық ретінде қабылдайды. Домна қазақтардың бет пішінінің ерекшеліктерін (көздерінің қиық, беттері жалпақ болуы) атап өтеді.

Алайда ең қызығы – қазақ әйелдерінің көрсеткен қамқорлығы. Қол-аяқтары ісіп, шаршаған тұтқындарға жергілікті әйелдер түрлі шөптермен ем жасап, екі апта ішінде аяққа тұрғызған. Ол қазақ әйелдерінің негізінен үй шаруашылығымен айналысатынын, ал ер адамдар дала жұмыстарына жауапты болғанын айтады.



Сонымен қатар, кейбір әйелдердің тіпті ерлердің жұмысын атқарып, ат жабдықтарын дайындайтынына таң қалғанын білдіреді.

Домна қазақ халқының діни өміріне де тоқталып өтеді. Оның айтуынша, үй ішінде күніне бірнеше мәрте Мұхаммед пайғамбарға тағзым етіп, намаз оқиды. Бұл ислам дініне деген терең сенім мен діни дәстүрлердің көшпелі қоғамда берік орныққанын көрсетеді[6].

Жоғарыда келтірілген мұрағаттық деректер мен тарихи жазбаларға сүйене отырып, қазақ халқының тұтқынға түскен адамдарға көрсеткен қарым-қатынасының адамгершілікке негізделгенін байқаймыз. Олар тұтқындарды тек үйлеріне әкеліп паналатып қана қоймай, оларға қажетті көмегін көрсетіп, өздерінің қонақжайлық дәстүрлерін ұстанған. Сонымен қатар, бұл жазбалар қазақ даласындағы халықтың күнделікті тұрмысы, шаруашылығы, тағамдық мәдениеті мен рухани өмірі туралы маңызды мәліметтер береді. Көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты тіршіліктің кейбір элементтері бүгінгі күнге дейін сақталып келгендігін де байқауға болады.

Қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігін, шаруашылық жүргізу тәсілдерін және рухани құндылықтарын сипаттауда архивтік материалдар маңызды дереккөз ретінде қызмет етеді. Осы жазбалар мен деректер негізінде қазақ халқының бай мәдени мұрасы мен рухани дүниесінің тереңдігін ғылыми тұрғыда тануға мүмкіндік бар.

Қорытынды

Қазіргі қоғамда, тарихшылардың арасында көптеген тарихи жағдайларға екі жақты келіспеушілікпен қарап, оларды жазу өзара пікір таласытырып отырған мәселелердің бірі болған қазақ халқының экономикалық жағдайы, жалпы тарихы өте күрделі дей отыра, оны архив құжаттары, қосымша деректерге сүйене отырып, ашу ол біздің міндетіміз болып табылады. Ал Ресей тарапынан жүргізілген қазақ өлкесіндегі реформалар ол қазақ халқын отарлау болып табылатындығын бірнеше деректерге сүйене отырып, ашық айта аламыз.

Сондықтанда, қазақ даласында болып жатқан оқиғалар қоғам дамуына өз кедергілерін тигізді. Қазақ даласында жүргізілген әр түрлі реформалар Ресей тарапынан тек бір ғана мақсатты көздеді. Ол отарлау саясаты болатын. Бүгінгі ХХІ ғасырда өз тарихымызды еш бұрмалаусыз шынайы, сонымен қатар сыни көзқарасты ұстана отырып барлық ақиқатты қоғамға ұсыну ол тарихшылардың міндеті.

Осылайша, орыс шенеуніктері мен зерттеушілерінің қазақ даласы мен халқы туралы жазып қалдырған еңбектері — сол дәуірдегі қоғамның тыныс-тіршілігі мен рухани дүниесін тануда маңызды дереккөз болып табылады. Бұл жазбалар арқылы ХVІІІ ғасырдың екінші жартысы мен ХІХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының этнографиялық, әлеуметтік және экономикалық болмысы жөнінде құнды мәліметтер алуға болады.

Бүгінгі таңда осы тарихи құжаттарды зерттеу — тек өткенді тану ғана емес, сонымен бірге ұлттық болмысты терең ұғынудың бір жолы. Сондықтан да келешек ұрпақ алдында тұрған міндет — мұрағат материалдарын тарихи сын тұрғысынан саралап, көшпелі өмір салтының ерекшеліктерін айқындай отырып,



қазақ халқының бай мәдениетін, тұрмысын және қоғамдық құрылымын жан-жақты зерделеу.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Большой С. Записки о приключениях в плену у киргиз-кайсаков в 1803 и 1804 г.г. – Сын отечества, 1822, части 76,77,80 (микрофильм), 290-298 л.
- [2] Прошлое Казахстана в источниках и материалах Сб-2 (Под.ред. Асфендиярова С.Д., Кунте П.А.) 2-ое издание. Алматы: «Казахстан», 1997. - 425 с.
- [3] ҚР ОМА [Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві, ары қарай ҚР ОМА] 67 қор, 1 тізім, 131 іс, 31-45 бб.
- [4] ҚР ОМА 846 қор, 16 тізім, 19208 іс, 25-35 бб.
- [5] Боголюбов Н. В плену у киргизцев. Рассказ старушки. Истинное происшествие.-Детский отдых.-Б.м, 1890,№7 (микрофильм), 17-32 л.
- [6] ҚР ОМА 2300 қор, 13 тізім, 26 іс, 16-29 бб.

REFERENCES

- [1] Bol'shoj S. Zapiski o prikljuchenijah v plenu u kirgiz-kajsakov v 1803 i 1804 g.g. [Bolshoi S. Notes on adventures in captivity among the Kirghiz-Kaisaks in 1803 and 1804.] – Syn otechestva, 1822, chasti 76,77,80 (mikrofil'm), 290-298 l.
- [2] Proshloe Kazahstana v istochnikah i materialah [The Past of Kazakhstan in Sources and Materials] Sb-2 (Pod.red. Asfendijarova S.D., Kunte P.A.) 2-oe izdanie. Almaty: «Kazahstan»,1997. - 425 s.
- [3] ҚР ОМА [CSA RK] 67 қор, 1 тізім, 131 іс, 31-45 бб.
- [4] ҚР ОМА [CSA RK] 846 қор, 16 тізім, 19208 іс, 25-35 бб.
- [5] Bogoljubov N. V plenu u kirgizcev. Rasskaz starushki. Istinnoe proisshestvie [In captivity among the Kyrgyz. An old woman's story. A true incident].-Detskij odtyh.-B.m, 1890,№7 (mikrofil'm), 17-32 l.
- [6] ҚР ОМА [CSA RK] 2300 қор, 13 тізім, 26 іс, 16-29 бб.

Калиева Б.Т., Калелова Ж.У.

ЗАПИСИ РУССКИХ ЧИНОВНИКОВ НАХОДИВШИХСЯ В ПЛЕНУ НА КАЗАХСКОЙ СТЕПИ (КОНЕЦ XVIII ВЕКА - НАЧАЛО XIX ВЕКА, НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ)

Аннотация. В статье говорится о записях русских чиновников, находившихся в плену на казахской степи, и о информации, которую они оставили о повседневной жизни казахского края. На основе предоставленных данных была проведена сравнительная аналитика. Многие работы, записи, воспоминания, дневники, написанные о казахском народе в конце XVIII и начале XIX веков, написаны в одном духе. Чтобы убедиться, насколько правдивы описания казахского народа в дневниках и воспоминаниях русских исследователей, их всесторонне исследовали и анализировали.

В архивных документах подробно рассмотрены записи русских чиновников, находившихся в плену на казахской степи, и отношение казахского народа к пленным. В ходе исследования были использованы данные из отчетов экспедиций, дневники и воспоминания путешественников, где приводится немало сведений о повседневной жизни казахского народа. Документы были получены в



ходе работы с архивами и редкими фондами. Одним из таких материалов являются архивные записи русских чиновников о казахском народе, приведенные ниже. Прежде всего исследована запись русского офицера Саввы Большого, которого казахи взяли в плен, когда он приехал на казахскую степь.

Ключевые слова. Казахская степь; хозяйство; плен; русские чиновники; письма; жизнь; архив; люди; исследователь; источник.

Kaliyeva B.T., Kalelova Zh.U.

RECORDS OF RUSSIAN OFFICIALS HELD CAPTIVE IN THE KAZAKH STEPPE (LATE 18TH CENTURY - EARLY 19TH CENTURY, BASED ON ARCHIVAL DOCUMENTS)

Annotation. The article discusses the records of Russian officials who were held captive in the Kazakh steppe and the information they left about the daily life of the Kazakh region. Based on the provided data, a comparative analysis was conducted. Many works, records, memoirs, and diaries written about the Kazakh people in the late 18th and early 19th centuries were written in a similar vein. To verify the accuracy of the descriptions of the Kazakh people in the diaries and memoirs of Russian researchers, they were thoroughly studied and analyzed.

The archival documents detail the records of Russian officials held captive in the Kazakh steppe and the attitude of the Kazakh people towards the captives. The research utilized data from expedition reports, diaries, and memoirs of travelers, which provide considerable information about the daily life of the Kazakh people. The documents were obtained through work with archives and rare collections. One of such materials is the archival records of Russian officials about the Kazakh people presented below. First and foremost, the record of Russian officer Savva Bolshoy, who was taken captive by the Kazakhs when he arrived in the Kazakh steppe, was examined.

Keywords: Kazakh steppe; economy; prisoner; Russian officials; writing; life; archive; people; researcher; source.